Экономика (Математика+География)

11 класс-География 20 т.з

(4 т.з-**11 кл** 1чтв, 10 т.з**.-10 кл**, 6 т.з.-**9 кл**)

1. Тұран жазығымен Торғай қолаты арқылы байланысқан жазық оңтүстікте шектеседі

A) Алтай тауымен
B) Сарыарқа тауымен
C) Мұғалжармен
D) Тянь-Шань тауымен
E) Жетісу Алатауымен

Код правильного ответа:
Уровень: 1

2.Жағалау, тау жүйесі, магистральді бойлай созыла орнасқан елді-мекенді жоспарлау түрі

A) Сызықтық
B) Төртбұрышты
C) Көпөзекті
D) Еркін
E) Иррационалдық

Код правильного ответа:
Уровень: 1

3. Қазақстандағы ойконим

A) Наурызым қорығы

B) Каспий теңізі
C) Алматы қаласы
D) Есіл өзені
E) Бұқтырма су қоймасы
Код правильного ответа:
Уровень: 1

4. Халықтың көші-қон түрлері бойынша нақты жауап сәйкестігі
A) елге тұрақты тұру үшін келу-репатриация
B) елге тұрақты тұру үшін келу-реэмиграция
C) елге тұрақты тұру үшін келу-эмиграция
D) елге тұрақты тұру үшін келу-миграция
E) елге тұрақты тұру үшін келу-иммиграция
Код правильного ответа:
Уровень: 1

5. Картада 5 санымен берілген географиялық нысанның биік нүктесі



A) Ақсораң
B) Үлкен Боқтыбай
C) Тышқантау
D) Мұзтау
E) Бесбақан
Код правильного ответа:
Уровень: 3

6. Профильде берілген таудың 1600 м биіктіктегі температурасын тап



A) -21,6°C
B) 30,1°C
C) -30,1°C
D) 18,2°C
E) -16,8°C
Код правильного ответа:
Уровень: 1

7. Салыстырмалы географиялық әдістер алғаш рет ғылымға енгізді
A) А. Никитин
B) М. Поло
C) Ф. Магеллан
D) А. Гумбольдт
E) А. Веспуччи
Код правильного ответа:
Уровень:

8. Х.Маккиндердің геосаяси моделі бойынша «сыртқы жарты ай» елдері
A) Мадагаскар
B) Ауғанстан
C) Непал

D) Моңғолия
E) Түрікменстан
Код правильного ответа:
Уровень: 1

9. Морфологиялық белгілері бойынша аралдарда орналасқан елдер жататын топ
A) территориясы созылыңқы формадағы мемлекеттер
B) анклавтары бар мемлекеттер
C) территориясы ықшам мемлекеттер
D) теңізге шыға алмайтын мемлекеттер
E) территориясы шашыраңқы мемлекеттер
Код правильного ответа:
Уровень: 1

10. АДИ индикаторының негізгі компоненттері
A) жұмыссыздық деңгейі және жан басына шаққандағы ЖІӨ
B) халықтың білім деңгейі мен елдегі сату деңгейі
C) халықтың орташа өмір сүру ұзақтығы және урбанизация деңгейі
D) халықтың білім деңгейі мен табыс индексі
E) ел халқының орташа өмір сүру ұзақтығы және эмиграция деңгей
ответа:
Уровень: 3

11. Мұхиттағы толқындық электр станцияларының құрылысы жаһандық мәселені шешеді
A) азық-түлік
B) демографиялық
C) шикізат
D) энергетикалық
E) тұщы су тапшылығы
Код правильного ответа:
Уровень: 2

12. Мұхит суларының ластануы себебіне жатпайды
A) кәсіпорындардан мұхитқа жеткіліксіз тазартылған суды төгу
B) ауыл шаруашылығында қолданылатын химиялық заттардың ластанған суларды мұхитқа шаюы
C) өндіру және тасымалдау кезінде мұхит суына түсетін мұнай өнімдері
D) балық пен теңіз өнімдерін аулау көлемін артуы
E) радиоактивті қалдықтарды сақтау
Код правильного ответа:
Уровень: 2

13. Ғаламдық аштық индексі бойынша «Үрейлі» аштық деңгейіндегі ел

A) Бангладеш
B) Түркменстан
C) Чад
E) Үндістан
F) Индонезия
Код правильного ответа:
Уровень: 1

14. Ғаламдық деңгейде экономикалық дамудың заңдылықтарын зерттейтін ғылым
A) геоморфология
B) геосаясат
C) геосфера
D) геоэкономика
E) геология
Код правильного ответа:
Уровень: 2

15. Картограмма түрі
A) сызықтық
B) атаулы
C) нүктелік
D) электрондық
E) масштабтық
Код правильного ответа:
Уровень: 2

16. Орналасқан жері бойынша қоршаған ортаны ластаушы көздер бөлінеді
A) биологиялық, эстетикалық
B) химиялық, физикалық
C) бастапқы және қосалқы
D) сызықтық, нүктелік
E) тұрақты, жылжымалы
Код правильного ответа:
Уровень: 2

17. Табиғи факторлармен байланыста адамдардың физикалық, әлеуметтік-экономикалық әл-ауқатының жиынтығы.
A) адамды қоршаған ортаның сапасы
B) «жасыл технологиялар» принципі
C) ауыз су сапасына мониторингі
D) табиғатты ұтымды пайдалану
E) халықтың өмір сүру сапасы
Код правильного ответа:
Уровень: 3

18. Телекоммуникация саласындағы ГАЖ технологиясының функциялары
A) темір жол жүк айналымын реттеу
B) төтенше жағдайларды, техногендік апаттарды болжау
C) байланыс жүйелерін бақылау және қадағалау
D) қалалық көлік бағыттарын реттеу және басқару
E) кәсіпорындардың экологиялық мониторингі
Код правильного ответа:
Уровень: 2

19. Қоршаған орта сапасының индексін төмендететін, атмосфераға ластаушы заттарды шығару үлесі ең жоғары өнеркәсіп секторы
A) автомобиль жасау
B) жылу энергетикасы
C) целлюлоза және қағаз
D) жел энергетикасы
E) атом энергетикасы
Код правильного ответа:
Уровень: 3

20. Ақпаратты тиімдірек сақтау және өңдеу үшін пайдаланады
A) модельдеу
B) картодиаграмма
C) ғарыштық спутниктер
D) сандық ақпарат
E) ГАЖ технологиясы
Код правильного ответа:
Уровень: 1